ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 сәуір №4360-24-00-2/751 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Көне» атауымен әрекет етуші Шынар Сейдазимбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Көне» атауымен әрекет етуші Шынар Сейдазимбекті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Көне» атауымен әрекет етуші Шынар Сейдазимбек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Көне» атауымен әрекет етуші Шынар Сейдазимбектен Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 17 865 (он жеті мың сегіз

жүз алпыс бес) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 536 (бес жүз отыз алты) теңге, барлығы 18 401 (он сегіз мың төрт жүз бір) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Көне» атауымен әрекет етуші Шынар Сейдазимбектен мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама:Шешім 12.06.2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 25.04.2024

- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

360-24-3-1/742